

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығы бойынша PhD докторанты Астамбаева Жупат
Канапьяновнаның «Алгоритмдерді оқыту барысында болашақ
бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық
сауаттылығын дамыту» атты диссертациялық жұмысына отандық
ғылыми кеңесшісінің**

ПІКІРІ

Алгоритмдерді оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың теориялық және әдістемелік қырларын бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарастыру – көкейкесті мәселе. Себебі қазіргі таңдағы бастауыш математикалық білім мазмұны оқу тапсырмаларының көптүрлілігіне және нәтижелілігіне, модельдің алуан түрлері мен модельдеу әдісі және мәселелік-ізденгіштік зерттеушілік әдістерін қолдануға басымдық берілгендігімен ерекшеленуі, ал білім беру үдерісі шығармашыл ойлайтын, белсенді оқу әрекетінің субъектісі, өз жас шамасына қарай ізденгіш, зерттеу іс-әрекетімен айналысатын, өзіндік шешім қабылдауға қабілетті оқушы дайындауға бағытталуы бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығына жаңа талаптар қоятыны сөзсіз. Заманауи қоғамның сұранысын қанағаттандыратын білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдерін игерген, пәндік және әдістемелік тұрғыдан, сонымен қатар сауаттылықтың барлық пәндерге ортақ әмбебап құраушысы – алгоритмдік сауатты маман қажет. Болашақ маманның әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту мәселесі арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағаны, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын (ӘМС) дамытуға не математикалық пәндер, не математиканы оқыту әдістемесі пәні аясында да жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбегендігі бүгінгі күн талабынан шығып отырғандығын және зерттеу жұмысының өзектілігін байқатады.

Докторант өз зерттеуінде алгоритмдерді оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік сауаттылығын дамыту мәселелерімен айналысқан Егорова Н.А. Титова Е. В. Сарсенбаева Б.И., т.б. және «математикалық сауаттылық» түсініктерін анықтаумен байланысты Евтыхова Н.М., Краснянская К.А., Леонтьев А.А., Шевкин А.В. және т.б. ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасап, аталмыш ұғымдардың анықтамасын нақтылайды. Сонымен бірге, зерттеу мәселесіне байланысты әдіснаманың іс-әрекеттік (Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың мазмұнды жалпылау теориясы; П.Я.Гальперин-Н.Ф.Талызиналардың ақыл-ой әрекетін кезеңдер бойынша қалыптастыру теориясы; А.Бандура-Е.Маккобидің элеуметтік үйрету теориясы; Д.Бруннер-С.Пайперттің оқытудың когнитивтік теориясы, Р.М.Қоянбаевтың көзқарастары), жүйелілік, антропологиялық

(Н.Н.Пирогов, К.Д.Ушинский, (Ш.А. Аманашвили, Б.М. Бим-Бад, В.И. Максакова, т.б.), аксиологиялық (В.А.Каракровский, А.В.Кирьякова, И.Б.Котова, Г.И.Чижакова, Е.Н.Шиянов, Н.Е.Щуркова, Е.А.Ямбург) және құзыреттілік (Ю.Н.Кулюткин, С.Я.Батышев, Л.Ф.Спирин, Э.Ф.Колмакова, В.А.Якунин, Л.А.Петровская, Ю.Н.Емельянов, М.А.Романова, Ә.Е.Жұмабаева, т.б.) тұғырлары мен ұстанымдарына талдау жасаған. Бастауыш сынып математикасының ресми-құқықтық құжаттары мен оқулықтарындағы алгоритмдік материалдар мен Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, А.А.Қдырбаева, А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, т.б. әдістемеші-ғалымдардың әдістемелік оқу құралдарындағы диссертациялық зерттеуіне байланысты мәселелерге де талдаулар жасаған.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «сауаттылық», «әдістемелік сауаттылық», «әдістемелік-математикалық сауаттылық» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту» түсінігінің мәнін нақтылаған; бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) бастауыш сынып оқушыларының игеруі тиіс математикалық теориялардың негізін білуі; 3) болашақ мұғалімдердің оқушыларға білім беру, білік пен дағды қалыптастыру әдістемесін игеруі; 4) бастауыш сыныпта қарастырылатын алгоритмдік материалдарды оқыту әдістемесін білуі және тәжірибеде қолдана алуы сияқты педагогикалық мүмкіндіктерін негіздеуге алғаш рет талпыныс жасаған; зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың жүйесі («Алгоритмдерді оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік кешені, «Основы обновленного математического образования младших школьников» оқу құралы) алғаш рет ұсынылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұтастығының сақталғандығын көрсетеді. Докторант бірінші тарауын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың қазіргі жайына және «сауаттылық», «әдістемелік сауаттылық», «математикалық сауаттылық», әдістемелік-математикалық сауаттылығы» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің

әдістемелік-математикалық сауаттылығы» түсініктерінің мәнін анықтаумен және «алгоритм» ұғымы және онымен байланысты теориялық материалдарға арнайды. Екінші тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың мүмкіндіктері мен жаттығудың әлеуетіне тоқталып, әдістемелік-математикалық сауаттылықты дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін дайындаған. Үшінші тарауы эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың барысы, болашақ маманның әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың әдістемелік жүйесі мен эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Автордың алынған нәтижелерін негіздеуіндегі негізгі тұғырлары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың және алгоритммен жұмыс жасаудың арнайы жаттығулар жүйесін дайындап, солар арқылы алгоритмдік сауаттылық пен әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту мазмұнын, оны жүзеге асырудың жолдарын айқындап, «Алгоритмдерді оқыту әдістемесін» түзумен ерекшеленеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың әдістемелік жүйесінің жасалуы зерттеу жұмысының практикалық мәнділігін арттыра түседі.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану білім алушылардың қазіргі заманауи әдістерге қызығушылығын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұған қоса, зерттеу нәтижелерін бастауыш сыныптың өзге пәндерін (қазақ тілі, орыс тілі, еңбекке баулу, бейнелеу өнері, т.б.) оқыту барысында да қолдануға болады.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, яғни алгоритмге қатысты және арнайы әдістемелік-математикалық сауаттылықты дамытуға бағытталған арнайы жаттығулардың көмегімен математикалық, әдістемелік, алгоритмдік сауатты маман дайындау әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген, жоғары нәтижеге жеткен.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында Ж.Астамбаеваның тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге мол талдау жасалған.

Астамбаева Жупат Қанапьяновнаның «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» - мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Алгоритмдерді оқыту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық

сауаттылығын дамыту» атты зерттеу жұмысын жаңалығы мол, аяқталған, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп санаймын.

Жоғарыда айтылғандарды және Астамбаева Жұпаттың «Алгоритмдерді оқыту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

